

Қазақстан Республикасында жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі туралы ақпараттарды ашу және жариялау жөніндегі Нұсқамасы <\*> Ескерту:

Нормативтік құқықтық актінің аталуы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен. ~V001296

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 9 наурыз N 30-п бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 19 наурызда N 436 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 7 мамырдағы N 149 қаулысымен.

*Ескерту: Нұсқамаға толассыз нөмірлеу енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен .*

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережемен "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы N 136-1 Заңына сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - Қор) қызметі туралы ақпараттарды ашу және жариялау жөніндегі негізгі талаптар белгіленеді.

### **2. Ақпараттарды ашу тәртібі**

2. Қорлар өзінің қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында - бас басылымдарында, радиода және теледидарда мемлекеттік және орыс тілдерінде осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес ақпарат жариялауға міндетті.

3. Ақпаратты ашудағы мақсат Қор қызметінің айқындығын белгілеу болып т а б ы л а д ы .

3-1. "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының" 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451-1 Заңына сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары деп оқтын-оқтын баспа басылымдары, радио-және телебағдарламалар, кинодокументалистика, тыңдап-көру жазбалары және тұлғалардың шектелмеген шеңберіне арналған бұқаралық ақпаратты оқтын-оқтын немесе үзбей көпшілікке таратудың өзге нысандары танылады. Оқтын-оқтын баспа басылымдары болып газет-журналдар, альманахтар, бюллетендер және тұрақты атауы, ағымдық нөмірі бар, жарты жылда бір реттен сирек емес шығарылатын оларға қосымша б а с ы л ы м д а р е с е п т е л е д і .

*Ескерту: 2-тарау толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен .*

### **3. Жариялануға жататын ақпараттар**

4. Қор жылдық есепті тапсырғаннан кейін, бір айдың ішінде аудиттің қорытындысын ескере отырып, жыл сайын мыналарды:

1) өз қаражаты бойынша - бухгалтерлік теңгерім және қаржы-шаруашылық қызметінің есебін;

2) зейнетақы жинақтары бойынша - жинақталған зейнетақы қаражаты бойынша есеп беру үлгілерін.

*Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен.*

5. Міндетті түрде жарияланатын қаржылық, статистикалық және өзге есептер жөніндегі ақпарат өкілетті орган белгілеген бұқаралық ақпарат құралдарында басылуы тиіс.

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен.*

### **4. Жарнамалық қызмет**

6. Жарияланатын және таратылатын жарнамалар мен ақпараттарда алушының пайдасына инвестициядан түсетін табыс ставкасына және сақтандырылуға кепілдік немесе уәде берілмеуі (бекітілмеуі немесе меңзелмеуі) тиіс.

*Ескерту: 6-тармақ толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен.*

7. Қордың жарнамасында қызметінің басқа жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің көрсеткіштерімен салыстырылған көрсеткіштерін пайдалануға жол берілмейді.

8. Қорларға олардың оны жариялаған күнгі шындыққа сәйкес келмейтін қызметін жарнамалауға тыйым салынады.

### **5. Жарнамалық қызметке бақылау жасау**

*Ескерту: 5-тарау өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен.*

9. Қордың жарнама қызметіне бақылауды Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі Комитеті (бұдан әрі - Комитет) жүзеге асырады.

10. Қор, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарияламай тұрып, жарнамалық материалдардың толық мәтінін келісу үшін, Комитетке ұсынуы тиіс.

"

Комитет жарнамалық материалдарды алған күннен бастап, 15 күнтізбелік күн ішінде қарап, жарнамалық өнімдердің Нұсқаулық талаптарына сәйкес екендігі туралы, немесе жіберілген кемшіліктерді жою жөнінде қорытынды береді.

Қор жарнамалық материалды таратуды тек қана Комитеттің оң қорытындысын алғаннан кейін жүргізуге тиіс.

*Ескерту: 10-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен, өзгертілді - 2001 жылғы 20 шілдедегі N 73-Ө бұйрығымен .*

11. Комитет шындыққа сәйкес келмейтін жарнамаға және жарияланымға өзгеріс енгізуді, оны болдырмау үшін тоқтатуды немесе жалған екендігіне түсінік беруді талап етуге құқылы.

*Ескерту: 11-тармақ толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2000 жылғы 6 қазандағы N 117-ө бұйрығымен .*

## **6. Қорытынды ережелер**

12. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешілуге жатады.